	<p>да. (сүлгі) ПЖО «Суреттер визиткасы» «Мен саған, сен маған» әдісі Шарты: бір-біріне қарама-қарсы тұрады, бірінші бала суретті атамай, сипаттайды, екінші бала тауып атайды. К/О «Топ-топпен қайтала» Шарты: Деңгейлеріне қарай топтау: 1-топ жоғары; 2-топ орташа, 3-топ төмен. топтар бір-біріне тақпақты жатқа айтып береді. Е/О «Құрастыр» Шарты: қиылған тазалық заттарының суреттерін құрастырады. Бағалау: «Қол сигналы» әдісі Рефлексия: Топпен тақпақ жаттаған ұнады ма? Алдағы уақытта не туралы тақпақ жаттағың келеді?</p> <p style="text-align: center;">Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Қоянға арналған орамал» Мақсаты: қазақ халқының «ирексу» оюының элементтерінің суретін жолақшаларғасала біледі. Ресурстар: текше пішінді қағаз, қылқалам, ою суреттері, бөрік пен тақия суреті, дайын оюлар. Әдіс-тәсілдері: Саусақ ойыны «Он саусақ»</p>	<p>аяқтап секіреді. К/О «Жәй және жылдам» Шарты: бір қатар сапқа тұрады, бір шапалақ соғылса баяу, екі шапалақ соғылса жылдам жүреді. Е/О «Пойыз» Шарты: бір қатармен сапқа тұрып пойыз болып жүреді, аялдамаларда қимылдар орындайды. Бағалау: «Қол сигналы» әдісі Рефлексия: сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ойын ойнауды қалайсындар?</p> <p style="text-align: center;">Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Үйшік» (ертегіні сахна-у) Мақсаты: түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу дағдыларын қалыптастыру; сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіреді. Көрнекі құралдар: ертегі кейіпкерлерінің бетперделері. Әдіс-тәсілдері: Психологиялық дайындық: Балалар көздерін жұмып, жаздың шуақты шалғынын елестетеді. ПЖО «Алдымен кім, соңынан кім?» Шарты: ертегі кейіпкерлерінің реттілігін анықтап тақтаға орналастырады</p>	<p>қашады, ал артта тұрған бала оны ұстап алуға тырысады. К/О: «Кім жақсы секіреді?» Шарты: екі бала ижуан жіпті екі шетінен ұстап тұрады, балалар жіптен кезекпен еш жерін тигізбей секіреді. Е/О: «Кемпірқосақ» Шарты: жүргізуші ортада тұрып кемпірқосақтың бір түсін айтады, балалар сол түсті үстеріндегі киімдерден көрсетеді. Бағалау: жұлдызшалар арқылы Рефлексия: Балалар қай оын көбірек ұнады?</p> <p style="text-align: center;">Вариативтік компонент</p> <p>Тақырыбы: Гүлер. Қағаздан біріктіру Мақсаты: Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру</p>	<p>Жұмбақ шешу: Үш бұрышы, үш қабырғасы бар, бұл қандай пішін? ПЖО «Үшбұрышты тап» Шарты: берілен әртүрлі пішіндер арасынан үшбұрышты тауып түсін анықтау. К/О «Кім жылдам?» әдісі 1-топ «Не ұқсайды?» (үшбұрыш пішінді заттарды табу) 2-топ «Бояуын тап» (үшбұрыштарды үлгіге сай бояу) Балаларды деңгейлеріне сай топтастыру Е/О «Құрастыр» Шарты: пішіндерден әртүрлі суреттер құрастыру. Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі Рефлексия: Балалар, сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ойын ойнауды қалайсындар?</p> <p style="text-align: center;">Орыс тілі</p> <p>Тема: «Витамины» Цель: Уточнить представление детей об овощах и фруктах; - Формировать представление детей о</p>	<p>қимылды қайталау. К/О «Ептіміз» Шарты: гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Е/О «Доп шеңберде» Шарты: балалар шеңбер бойы отырып, допты бір-біріне домалатады. Бағалау смайликтер арқылы Рефлексия: Сендерге ойындар ұнады ма?</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Үй жануарлары сиыр мен жылқы» Мақсаты: үй жануарларын атап, ажыратып, олар туралы әңгімелей біледі. Әдіс – тәсілдері: Балаларға үй және жабйы жануарлар туралы өлең оқу. ПЖО «Суреттер визиткасы» «Мен саған, сен маған» әдісі Шарты: бір-біріне қарама-қарсы тұрады, бірінші бала суретті атамай, сипаттайды, екінші бала тауып атайды. К/О «Салыстыр және әңгімеле» «Елші» әдісі Шарты: суреттерді таңдау арқылы топқа бөліну, 1-топ жабайы жануарлар, 2-топ үй жануарлары туралы келесі топқа әңгімелейді. Сергіту сәті «Ұзын құлақ сұр қоян»</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>ПЖО «Неге ұқсайды?» Шарты: балалар оюлар суреттерін қарап , оларды ұқсас суреттермен сәйкестендіреді.</p> <p>Қ/О «Әдемі орамал» Шарты: балалар таңдаған таспалар түсіне сай топтарға бөлініп орамал суретін салып, әсемдейді.</p> <p>Е/О «Кім жылдам?» Дайын оюларды таңдап соған сай бөрік пен тақияны әсемдейді. Бағалау: «Галереяға саяхат» әдісі Рефлексия: Сендерге ою суретін салған ұнады ма? Біз қандай оюдың суретін салдық? Орамал не үшін керек?</p> <p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Тақырыбы: Ән: «Балалбақшаға барамын» Мақсаты: Әнді созып, сөздерін анық айтады, сүйемелдеусіз орындайды.</p> <p style="text-align: center;">Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Тақырыбы:«Бағдаршам белгілері» Мақсаты:бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы біледі. Ресурстар: бағдаршам, жол макеті, жұмсақ ойыншықтар, рулдер мен пирамида сақиналары, боямақтар. Әдіс-тәсілдері:</p>	<p>Қ/О «Ертегіде қонақта» Шарты: Балалар рөлдерге бөлініп, атрибуттарын киіп, сахнаға шығып ойнауын ұйымдастырады.</p> <p>Е/О «Жануарларды қоректендір» Шарты: жабайы жануарлар қоректерін тауып, себеттерге салады. Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі Рефлексия: Сендерге ертегі сахналау ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ертегіні сахналағыларың келеді?</p>		<p>необходимости организму витаминов; Составление словосочетаний, предложений из 2-3 слов. Дидактическая игра: «Узнай по вкусу»</p>	<p>Е/О «Топтастыр» Шарты: үй және жабайы жанураларды топтастырады. Бағалау «Қол сигналы» әдісі Рефлексия: сендерге топпен ойнаған ұнады ма?</p> <p style="text-align: center;">Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы:«Апельсин мен лимон» Мақсаты: домалақтау және сопақшалау әдісін қолданып апельсин мен лимон мүсіндей біледі. Әдіс-тәсілдері: <i>«Шаттық шеңбері»</i> әдісі Шуағын шашады, Күн шықса жиектен. Жылу алып нұрынан , Денсаулықты күшейткем. Педагог жетекшілігімен ойын «Қандай дәрумен?» Шарты: балалар дәрумендер қандай тағамдарда болатынын анықтап , суреттерді топтастырады. «Апельсин» саусақ ойыны Құрылымдалған ойын «Дәмді жемістер» Шарты: балалар лимон және апельсин суретін таңдау арқылы топтарға бөлінеді. Мүсіндеу жолын түсіндіру, жеке жұмыс. Еркін ойын «Жемістерді жинаймыз» Шарты: балалар еденге шашылған дәрумендерді</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>«Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ : Үш көзді батыр, жолды аңдып жатыр. Педагог жетекшілігімен ойын «Кім жылдам?» «Жуан , жіңішке сұрақтар» әдісі Бағдаршамда неше көз бар? Сары түсте не істейміз? Бағдаршам не үшін керек? Бағдаршам болмаса не болар еді? Қай түсте жүреміз? Құрылымдалған ойын «Бағдаршам» Шарты: балалар атрибуттарды таңдау арқылы рөлдерге бөлінеді, машиналар жолда жүреді, балалар жолдан өтеді. Е/О «Түрлі-түсті көздер» Шарты: балалар түстерді таңдап, қарындаштармен бағдаршам көздерін бояйды. Бағалау: «Бас бармақ» әдісі Рефлексия: Сендерге қай ойын ұнады? Неліктен ол ойын ұнады?</p>				<p>жинайды. Бағалау «Суреттер галереясы» әдісі Рефлексия: Біз не мүсіндедік? Дәрумендер не үшін керек?</p> <p>Вариативтік компонент Тақырыбы: «Су жүрек қоян» Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру, жетекші сұрақтар қою арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету және достық сезімге тәрбиелеу</p>
Серуенге дайындық	Балаларды реттілікпен киінуге ,ересектерді кішкентайларға көмектесуге үйрету.				
Серуен	Картотека №15	Картотека №16	Картотека №17	Картотека №18	Картотека №19
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруға,серуеннен соң қолдарын жууға үйрету.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	<p>ПЖО «Түрлі-түсті көпіршіктер» Шарты: балаларды көпіршіктерді қалай жасауға болатынын анықтаймыз. Қ/О «Батады және батпайды» Шарты: ауыр –жеңіл заттарды көпіршітеді Топпен</p>	<p>Пирамидамен ойын . Бояма кітапшалармен жұмыс. Балалардың өз беттерінше әрекеттері. Топпен</p>	<p>«Қуыршақты тамақтандырамыз» ойыны Мақсаты: ыдыстар атауын, қонақ күту әдептерін үйрету, кішіпейілдікке тәрбиелеу. Топпен</p>	<p>«Күн шуағы» Д/О Мақсаты: түстерді ажыратуға үйрету. Бояма кітапшалармен жұмыс. Топпен</p>	<p>Қ/О «Бағдаршам» «Ашық сұрақтар» әдісі Шарты: балаларға сұрақтар қойылып , жауап алынады. Е/О «Бағдаршам көздерін жапсырамыз» Шарты: дайын пішіндер беріліп балалар бағдаршам жабыстырады. Топпен</p>
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

ТЕКСЕРІЛДІ

Мектеп директорының оқу жұмысы

жөніндегі орынбасары  Калданова Б.С.

ЦИКЛОГРАММА
«ДИДАР» ТОБЫНЫҢ 4 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРЫ ҮШІН
2- апта (2-6 қараша, 2020ж)
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 2.11	Сейсенбі 3.11	Сәрсенбі 4.11	Бейсенбі 5.11	Жұма 6.11
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру.				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б.)	Ойын «Не жегеніңді тап!» Мақсаты: жемістер атауларын бекіту, сезім мүшелерінің қызметтерін дамыту.	«Доп» саусақ ойыны Мақсаты: саусақ қимылдарын дамыту, белсенді сөйлеуге үйрету.	«Қарағайлы ормандағы аю» ойыны. Мақсаты: сөйлеу белсенділігін, өлең сөзімен өз қимылын сәйкестендіре білу икемділігін дамыту, р дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру.	Үстел үсті ойыны «Домино» (Жемістер) Мақсаты: жеміс атауларын бекіту, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу	«Біреу – көп» ойыны Мақсаты: сөздерді көпше түрге айналдырып айтуға үйрету, «бір», «көп» сөздерін орынды қолдануға үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
Таңертеңгі гимнастика	Ертеңгілік жаттығулар кешені				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ПЖ/О: «Кім мықты?» Мақсаты: Балалардың шапшаңдығын молайту.	ПЖ/О: «Сықырлы қалта» Мақсаты: Балалардың сипап сезу арқылы, заттарды айта алады.	Қ\О: « Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.	Е\О: «Пайдалы дәрумендер» Мақсаты: Сурет бойынша құрастырып әңгіме айта алады.	ПЖ/О: «Бұл кімнің үйі?» Сурет бойынша құрастырып әңгімелей алады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» Мақсаты: мазмұнын түсініп тақпақты жатқа айта біледі. Ресурстар: денсаулық шуақтары суреті, жіп. Әдіс – тәсілдері: «Менің көмекшілерім» Жылулық шеңбері ПЖО «Денсаулық	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кішкентай ұландар Мақсаты : Қатарға екі – үшеуден тұрып, сапты қайтадан құра біледі. Ресурстар: орамалдар. Әдіс-тәсілдері: 1. Қолға жаттығу жасап, екі қатарлы сапта жүру. 2. ЖДЖ орамалмен	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кім мықты?» Мақсаты: аяқтың ұшымен және бір аяқпен тұру кезінде тепе-теңдікті сақтай біледі. Ресурстар: жалаушалар, доп Әдіс-тәсілдері: Бір қатарға сапқа тұрып тізені көтеріп жүру. . ЖДЖ (жалаушалармен).	Математика негіздері Тақырыбы: «Төртбұрышты тап» Мақсаты: геометриялық пішін төртбұрышты танып атай біледі. Ресурстар: әртүрлі көлемді және түрлі түсті пішіндер, әртүрлі пішінді заттар суреті. Әдіс – тәсілдері:	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Доптарды лақтыру» Мақсаты: Көлденең керілген жіптің үстінен допты 2м қашықтықтан лақтыра алады. Ресурстар: арқан, доптар, себет. Әдіс-тәсілдері: Бір қатар сапқа тұру, залда жүру, шашырап жүгіру. ЖДЖ (Заттарсыз)


<p>шуақтары» Шарты: балалар суретті таңдап, ол туралы әңгімелеп, күн шуақтарын құрастырады. Қ/О «Топ топпен қайтала» Шарты: балаларды деңгейлеріне сай топтарға бөліп, топтар бірі-біріне тақпақты жатқа айтады. «Достық» саусақ ойыны Е/О «Аттап өт» Шарты: еденде жіп арқылы белгеленген шалшық сулардан аттап жүру. Бағалау «Бас бармақ» әдісі Рефлексия: Сендерге топпен ойнаған ұнады ма? Алдағы уақытта қанадай ойын ойнағыларың келеді?</p> <p style="text-align: center;">Сурет салу</p> <p>Тақырыбы.«Күннің мол шуағы» Мақсаты: қылқаламмен дөңгелек пішін салып, оны ұзын, қысқа сызықтармен толықтыра біледі. Ресурстар: қылқалам , бояу, су, күн суреті. Әдіс-тәсілі: «Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу: Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды. Педагог жетекшілігімен</p>	<p>3. ПЖО «Қуыршақтар және ұландар» Шарты: «қуыршақтар» белгісінде балалар орындарында тұрады, «Ұландар» белгісінде саппен түзу жүреді. Қ/О «Кім жылдам?» Шарты: балалар шапалақ соғысына сай бір-бірден ,екеуден, үшеуден сапқа тұрады. Тыныс алу жаттығуы ЕО «Пойыз» Шарты: залда саппен жүріп, аялдамада жатты,улар орындайды. Бағалау «Қол сигналы» әдісі Рефлексия: Сендерге ұлан болу ұнады ма? Алдағы уақытта тағы қандай ойындар ойнағыларың келеді?</p> <p style="text-align: center;">Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы:«Үш аю» ертегісі Мақсаты: ертегі мазмұнын айтуда мазмұн жүйелілігін сақтай біледі. Ресурстар: ертегіден үзінді суреттер, үш аю суреті және кереуеттер мен ыдыстар суреті. Әдіс – тәсілдері: «Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ : Қорбаң-қорбаң етеді, Балды жақсы көреді. Педагог жетекшілігімен ойын «Алдымен не , соңынан не?»</p>	<p>ПЖО «Маймылдар» Шарты: педагогты тыңдап, айтылған қимылды қайталау. Қ/О «Ептіміз» Шарты: гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Е/О «Доп шеңберде» Шарты: балалар шеңбер бойы отырып, допты бір-біріне домалатады. Бағалау смайликтер арқылы Рефлексия: Сендерге ойындар ұнады ма?</p> <p style="text-align: center;">Құрастыру</p> <p>Тақырыбы:«Кірпі» Мақсаты:табиғи материалдарды пайдаланып кірпі құрастыра алады. Ресурстар: кірпі суреті, ермексаз, сіріңке, қарағай бүрлері,жабайы жануарлар бетперделері мен қоректері Әдіс-тәсілдері: «Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ: Үсті толы ине, Бірақ та іс тігіп, Қадамайды түйме. ПЖО «Не білеміз?» «Жуан, жіңішке сұрақтар» әдісі Балалардың деңгейіне қарай әртүрлі сұрақтар беру -Бұл қандай жануар? -Оның қандай дене мүшелері бар? -Кірпі немен қоректенеді? -Оған инелер не үшін керек?</p>	<p>Тақпақ оқу: Ал,балақай қарашы, Мынау біздің төртбұрыш. Теңестірген 4 қабырғасын, Бар оның 4 бұрышы. ПЖО «Төртбұрышты тап» Шарты: берілген әртүрлі пішіндер арасынан төртбұрышты табу. Қ/О «Әртүрлі төртбұрыштар» Шарты:Балалар төртбұрыш түсіне сай топтарға бөлінеді. «Кім жылдам?» әдісі 1-топ «Неге ұқсайды?» 2-топ «Құрастыр» Е/О «Лото» Шарты: пішіндердің орнын тауып, орналастыру. Бағалау: жұлдызшалар арқылы Рефлексия: Қандай пішінмен ойнадық?</p> <p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Алтын күзде молшылық» Мақсаты: Күзгі өнімдердің дәрумендік пайдасы туралы әңгімелейді. Өуенге сай қимыл жасайды. Өн тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова</p>	<p>Педагог жетекшілігімен ойын «Лақтыр да қағып ал» Шарты: балалар жұптарын таңдап, бір-біріне доп лақтырады және қағып алады. Құрылымдылған ойын «Арқанға тигізбе» Шарты: көлденең керілгін арқан үстінен допты лақтырады. Тыныс алу жаттығуы Еркін ойын «Доп себетте» Шарты: бөлме ішінде шашылған доптарды себетке салады. Бағалау «Қол сигналы » Әдісі Рефлексия : сендерге қай ойын ұнады? Неліктен ол ойын ұнады</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы:«Жабайы және үй жануарлары» Мақсаты:үй және жабайы жануарларды ажыратып, олардың сыртқы түрі мен мекен ету ортасын біледі. Әдіс – тәсілдері: Балаларға үй және жабайы жануарлар туралы өлең оқу. ПЖО «Суреттер визиткасы» «Мен саған, сен маған» әдісі Шарты: бір-біріне қарама-қарсы тұрады, бірінші бала суретті атамай, сипаттайды, екінші бала тауып атайды. Қ/О «Салыстыр және әңгімеле» «Елші» әдісі Шарты: суреттерді таңдау арқылы топқа бөліну, 1-топ жабайы жануарлар , 2-топ үй</p>
---	--	---	---	--

<p>ойын «Не білеміз?» «Жуан , жіңішке сұрақтар» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Күн қандай түсті? - Қандай пішінді? - Ол бізге не үшін керек? - Егер күн болмаса не болар еді? - Күн тағы кімдер үшін керек? <p>Т.с.с.</p> <p>Құрылымдалған ойын «Әдемі күн» Шарты: балалар қылқаламмен күннің суретін салады.Сурет салу жолын түсіндіру. Саусақ ойыны «Он саусақ»</p> <p>Еркін ойын «Кім жылдам?» Шарты: балалар дайын пішіндерден күн суретін құрастырады. қимыл жасайды. Ән тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Ән айту: «Болайықшы осындай» А.Меңжанова Әуенді ырғақты қимыл, ойын: «Жапырақтарды кім тез жинайды?»</p> <p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Алтын күзде молшылық» Мақсаты: Күзгі өнімдердің дәрумендік</p>	<p>Шарты: балалар ертегі кейіпкерлерін мазмұнына сай орналастырады</p> <p>Құрылымдалған ойын «Әңгімеле» Шарты: балаларға үзінді суреттер таратылады, балалар суретті пайдаланып ,ертегіні әңгімелейді.</p> <p>Еркін ойын «Кім жылдам?» Шарты: үстел үстіне бетперделер мен себет қойылады. Еденге жануарлар қоректері тасталады. Балалар бетперделерді таңдау арқылы топтарға бөлінеді, қоректерін жинайды.</p>	<p>- Кірпінің инелері болмас не болар еді? Саусақ ойыны «Кірпі» Қ/О «Сүйкімді кірпі» Шарты: балалар кірпіні мүсіндейді.Балаларға мүсіндеу жолын түсіндіру, жеке жұмыс.</p> <p>Е/О «Кім жылдам?» Шарты: үстел үстіне бетперделер мен себет қойылады. Еденге жануарлар қоректері тасталады. Балалар бетперделерді таңдау арқылы топтарға бөлінеді, қоректерін жинайды. Бағалау «Галереяға саяхат» әдісі Балалар құрдастарының жұмыстарын бағалайды. Рефлексия: біз бүгін қандай жануарды мүсіндедік? Алдағы уақытта не мүсіндеуді қалайсындар?</p> <p style="text-align: center;">Вариативтік компонент Тақырыбы:Шырпы қораптарынан машина жасау</p> <p>Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру</p>	<p>Ән айту: «Болайықшы осындай» А.Меңжанова Әуенді ырғақты қимыл, ойын: «Жапырақтарды кім тез жинайды?»</p>	<p>жануарлары туралы келесі топқа әңгімелейді. Сергіту сәті «Ұзын құлақ сұр қоян»</p> <p>Е/О «Топтастыр» Шарты: үй және жабайы жануарларды топтастырады. Бағалау «Қол сигналы» әдісі Рефлексия: сендерге топпен ойнаған ұнады ма?</p> <p style="text-align: center;">Жапсыру Тақырыбы.«Дәмді нәрсу» Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстап, текшеден дөңгелек пішін қияды, желімді , сүлгіні қолдана біледі. Ресурстар: қызыл, сары , жасыл түсті қағаздан текшелер, желім, сүлгі,қайшы, дайын банка пішіні, жемістер мен көкөністер (фетр), ыдыстар (фетр),. Әдіс-тәсілдері: Жылулық шеңбері «Біздің көмекшілеріміз» ПЖО «Жемістер» «Идеялар себеті» әдісі Шарты: балалар жемістер тақырыбына берілген суретерді таңдап, жемістер туралы білгендерімен бөліседі. (мысалы: ағаш суреті – жемістер ағашта өседі, банкадағы нәрсу – жемістерден нәрсу дайындалады т.с.с.) Қ/О «Кішкентай көмекшілер» Таңдаған алма түстеріне сай топтарға бөлініп жапсыру.</p>
--	---	---	---	--

	пайдасы туралы әңгімелейді. Әуенге сай				<p>Е/О «Анамызға көмектесейік» Шарты: балалар жемістер мен көкністиер суретін топтастырады. Бағалау: смайликтер арқылы Рефлексия: Балалар , сендерге қайшымен жұмыс жасаған ұнады ма? Алдағы уақытта ненің суретін жапсырғыларың келеді?</p> <p>Вариативтік компонент Тақырыбы: «Мақтаншақ қоян» Мақсаты: Сахналық қойылым арқылы балаларды достық сезімге тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу</p>
Серуенге дайындық	Балаларды реттілікпен киінуге, ересектерді кішкентайларға көмектесуге үйрету.				
Серуен	Картотека №20	Картотека №21	Картотека № 22	Картотека №23	Картотека №24
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруға, серуеннен соң қолдарын жууға үйрету.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	<p>Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойыны «Сипап сезу арқылы санау» Мақсаты: Сипай сезу арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстырады. (артық, кем, тең); салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана біледі. Топпен</p>	<p>Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Сюжетті ойын: «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін біледі, олардың отбасында атқаратын қызметтерін атай алады. Топпен</p>	<p>Құрылымдалған ойын: Үстел үсті: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін сомдау Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің ролын сомдай алады. Топпен</p>	<p>Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Сюжеттік рөлдік «Дүкен» Мақсаты: Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды. Топпен</p>	<p>Құрылымдалған ойын: Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Топпен</p>
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

ТЕКСЕРІЛДІ

Мектеп директорының оқу жұмысы

жөніндегі орынбасары  Калданова Б.С.

ЦИКЛОГРАММА
«ДИДАР» ТОБЫНЫҢ 4 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРЫ ҮШІН
3- апта (9-13қараша, 2020ж)
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 9.11	Сейсенбі 10.11	Сәрсенбі 11.11	Бейсенбі 12.11	Жұма 13.11
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру.				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б.)	Үстел үсті ойыны «Мозайка» Мақсаты: саусақ моторикасын дамыту, түстер туралы білімдерін бекіту.	Ересек топ балаларымен бөлме гүлдерін күтіп-баптау	Сумен ойын «Кім жоғары секіреді?» Мақсаты: «көз-қол» үйлесімділігін дамыту; сумен байланысты әр түрлі іс қимылдарға баулу.	Ойын «Не жегеніңді тап!» Мақсаты: жемістер атауларын бекіту, сезім мүшелерінің қызметтерін дамыту.	Үстел үсті ойыны «Пазлдар» Мақсаты: саусақ моторикасын дамыту, бөлшектерден бүтін құрастыруға үйрету.
Таңертеңгі гимнастика	Ертеңгілік жаттығулар кешені				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ПЖ\О: Қолға жаттығу жасап, екі қатарлы сапта жүру.	ПЖ\О: Тәрбиеші 1, 3, 5, сандары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды.	ПЖ\О: «Айгүлге қуыршағын жуындыру үшін не керек?» Мақсаты: Жуындыру үшін қандай заттар керегін айтып беруе үйрету.	Қ\О: «Түрлі түсті жапырақтар» Мақсаты: әуенмен ойын ойнауға үйрету, түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру.	ПЖ\О: Сапқа қайта тұру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жаз және күз» Мақсаты: Сурет бойынша жаз және күз мезгілдері туралы әңгіме құрастыра біледі. Ресурстар: жаз және күз суреті, жаз бен күз мезгілдеріне байланысты	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз ептіміз» Мақсаты: басқа қап қойып, заттарды аттап өту және бұрылу кезінде тепе-теңдікті сақтай біледі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортшы балақандар» Мақсаты: еденде жатып дене жаттығуларын орындай біледі. Ресурстар: баяу және жылдам музыка, тышқан бетперделері,	Математика негіздері Тақырыбы: «Қандай пішін?» Мақсаты: геометриялық пішін дөңгелекті танып атай біледі. Ресурстар: әртүрлі көлемді және түрлі	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз сүйкімді балдырған» Мақсаты: орындықпен дене жаттығуларын орындай біледі. Ресурстар: орындықтар, шарлар. Әдіс-тәсілдері: Бір қатарға сапқа тұрып зал

<p>суреттер, текше. Әдіс-тәсілдері: Жылулық шеңбері «Менің көмекшілерім» Педагог жетекшілігімен ойын «Ғажайып текше» Шарты: балалар шеңбер болып тұрып , текшедегі суреттерді жаз немесе күз мезгіліне ажыратады. Құрылымдалған ойын «Әңгімеле» Шарты: балалар гүл және жапырақ суретін таңдау арқылы топтарға бөлінеді. Гүл суретін таңдағандар жаз мезгілі туралы , жапырақ суретін таңдағандар күз мезгілі туралы әңгімелейді. Дыбыстық жаттығу Аз-аз-аз - ыстық жаз. Үз-үз-үз - суық күз. Еркін ойын «Әдемі ағаштар» Шарты: Ағаштарды жаз және күз мезгіліне сай безендіреді. Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі Рефлексия: сендерге ойындар ұнады ма?</p> <p style="text-align: center;">Сурет салу Тақырыбы.«Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды?» Мақсаты: түрлі бағыттағы түзу сызықтар жүргізіп, шаршы пішінді заттардың суретін сала біледі.</p>	<p>Ресурстар: шарлар, қаптар, жалаушалар, текшелер Әдіс-тәсілдері: Сапта бір-бірлеп жүреді, аяқтың ұшымен және тізені көтеріп жүгіреді. ЖДЖ (Шармен). Педагог жетеакшілігімен ойын «Жалғызаяқ жолмен» Шарты: балалар жұптарын таңдап ,кегельдер арасымен түзу бағытта жүріп жалаушаға барады, жалаушаны бұлғайды , орнына келеді. Құрылымдалған ойын «Кім епті?» Шарты балалар суретті таңдау арқылы топтарға бөлінеді, басына қап қойып текшелерді аттап жүреді. (эстафета) Еркін ойын «Күн мен жаңбыр» Шарты: көңілді әуенде балалар алаңда серуендеп жүреді, әуен тоқтап жаңбыр дыбысы шыққанда үй-орындықтарға тығылады. Бағалау күлегештер арқылы Рефлексия: сендерге қай ойын ұнады? Неліктен ол ойын ұнады?</p>	<p>карточкалар..Әдіс-тәсілдері: Бір қатар сапқа тұру, музыка әуеніне сай жылдам және баяу жүру. Педагог жетекшілігімен ойын «Кім жылдам?» Шарты: жұпқа бөлініп теннис шарларын қарындаштар арасымен үрлеу арқылы межеге жеткізу. Құрылымдалған ойын «Спортшылар» Шарты: балалар педагог нұсқауымен еденге жатып жаттығулар орындайды Еркін ойын «Тышқан аулау». Шарты: балалар карточкалар таңдау арқылы тышқандар және тышқан аулаушыларға бөлінеді. Тышқан аулаушылар шеңбер құрып тұрады және әндетеді: Тышқандар неткен жемірді, Бәрін-бәрін кемірді. Тоқтай тұрындар, тышқандар, Біз сендерді аулаймыз. Өлең басында тышқандар шеңберге кіреді, аяқталғанда қашады, аулаушылар ауды жауып қалуға</p>	<p>түсті пішіндер, әртүрлі пішінді заттар суреті. Әдіс-тәсілдері: Жұмбақ жасыру: Бұл орамның пішіні, Бауырсақтың да мүсіні. Кішірейтсек біз оны, Шығады тоқаш наны боп. ПЖО «Пішінді тап» Шарты: балаларға әртүрлі түсті және көлемді пішіндер арасынан дөңгелек пішіндерді табу ұсынылады. Қ/О «Кім жылдам?» әдісі 1-топ «Дөңгелекті тап» (дөңгелек пішінді заттарды табу) 2-топ «Неге ұқсайды?» (берілген дөңгелек пішіндерден суреттер құрастыру) Шарты: деңгейлеріне сай аралас топтарға бөлу.Қолдау арқылы саралау. Е/О «Үйін тап» Шарты: үстел үстіне пішіндер жабыстырылған қораптар қойылады, үстел үстіне әртүрлі пішіндер тасталады. Балалар пішіндерді топтастыруы керек. Бағалау: «Қол сигналы» әдісі</p>	<p>ішінде жүру. Педагог жетекшілігімен ойын «Біз күштіміз» Шарты: балалар орындықпен жаттығулар орындайды. Құрылымдалған ойын «Кім жылдам?» Шарты: балалар таңдаған шарлар түстеріне сай топтарға бөлінеді, орындықтар арасымен жүгіріп шарларды жинайды.Қай топта шар көп болса сол топ жеңеді. Тыныс алу жаттығуы Еркін ойын «Мені қуып жет» Шарты: балалар екі-екіден бөлініп бір-бірін қуалайды. Бағалау: жұлдызшалар арқылы Рефлексия: Балалар , сендерге ойындар ұнады ма?</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану Тақырыбы:«Үй жануарлары қой мен қозы» Мақсаты: үй жануарларын атап, ажыратып, олар туралы әңгімелей біледі. Ресурстар: үй жануарларының суреттері, үй жануарлары мен төлдерінің бетперделері, Әдіс-тәсілдері: Аудио әдісі «Дыбыстар» Педагог жетекшілігімен ойын «Не білеміз?» «Идеялар себеті» әдісі Шарты: балалар суреттер арасынан тақырыпқа сай біреуін таңдап , не білетінін айтады. Мысалы: қойдың жүнінен қолғап тоқылады (қолғап суреті); қойдың төлі қозы (қозы суреті) т.с.с.</p>
--	---	---	--	---

	<p>Ресурстар: шаршы пішінді заттардың суреті, қылқалам, су, бояулар, пішіндер және таспалар, қораптар.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: «Мига шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу: Төрт бұрышы бар, Төрт қабырғасы бар. Ол қандай пішін?</p> <p>ПЖО «Төртбұрышты тап» Шарты: берілген әртүрлі пішіндер арасынан төртбұрыш пішінді заттарды табу.</p> <p>Құрылымдалған ойын «Төртбұрышты заттар» Шарты: балалар өздері таңдап төртбұрыш пішінді заттардың суретін салады.</p> <p>Еркін ойын «Үйін тап» Шарты: бірінші үстел үстінде түрлі пішіндегі және түрлі көлемдегі пішіндер жатады, екінші үстелде пішіндер суреті жапсырылған 3 қорап. Балалар өздері таңдаған таспалар түсіне сай үш топқа бөлініп, пішіндерді қорапқа жинайды. Бағалау «Галереяға саяхат» әдісі Балалар өздеріне ұнаған суретті таңдап, жұлдызша жапсырады. Өз суреттерін таңдауға болмайды. Рефлексия: Қандай заттардың суретін салдық?</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы.«Екі әтеш» ертегісі Мақсаты: ертегімен танысып, кейіпкерлер әрекетін бағалай біледі.</p> <p>Ресурстар: үй құстарының суреттері, карточкалар, үй және ағаш муляждары.</p> <p>Әдіс-тәсілдері: «Дыбыстар» аудио әдісі (үй құстарының дыбыстарын тыңдау, ажырату)</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын «Суреттер визиткасы» «Мен саған, сен маған» әдісі Шарты: бір-біріне қарама-қарсы тұрады, бірінші бала суретті атамай, сипаттайды, екінші бала тауып атайды.</p> <p>Құрылымдалған ойын Барысы: Ертегіні оқу, ертегі мазмұны бойынша сұрақтар қою «Жуан, жіңішке сұрақтар» әдісі Ертегі не туралы? Әтештер неге таласты? Екі әтештің жасағаны дұрыс па? Егерде әтештер жемді қызғанбаса не болар еді? т.с.с.</p>	<p>(отырып) талпынады, ұсталған тышқандар шеңбер құрушылар қатарына қосылады. Бағалау күлегештер арқылы Рефлексия: сендерге қай ойын ұнады? Неліктен ол ойын ұнады</p> <p>Вариативтік компонент Тақырыбы: Сандықша Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету</p>	<p>Рефлексия: Сендерге дөңгелек пішінмен ойнаған ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ойын ойнауды қалайсыңдар?</p> <p>Орыс тілі</p> <p>Тема: «Поиграем вместе» Цель:продолжать развивать диалогическую речь, побуждать детей отвечать четко на вопросы; учить составлять описательный рассказ употреблять в речи слова в родительном падеже в ед. и мн. числе Дидактическая игра: «Кто сильнее?»</p>	<p>Құрылымдалған ойын «Құрастыр, таны және әңгімеле» «Елші» әдісі Шарты: балалар қиылған сурет бөліктерін таңдау арқылы топтарға бөлінеді.Топтар суретті құрастырып, үй жануары туралы екінші топқа әңгімелейді.</p> <p>Еркін ойын «Үлкендер мен кішілер» Шарты: музыка қосылғанда үй жануарлары мен төлдері жайылып жүреді, музыка тоқтағанда төлдерін тауып, қасына тұрады. Бағалау «Бас бармақ» әдісі Рефлексия: сендерге ойындар ұнады ма? Қай ойын ұнады ?</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы:«Қуыршаққа арналған печенье» Мақсаты: ермексиздан дөңгелек пішін мүсіндеп, оны кескішпен безендіре алады. Ресурстар: Ермексиз, тақтай, кескіш, қуыршақ, тағамдар муляждары. Әдіс-тәсілдері: Топқа қуыршақ келеді. Бүгін оның туған күні . Педагог жетекшілігімен ойын «Тілектер» Шарты: балалар қуыршақты туған күнімен құттықтап, оған не сыйлауға болатынын әңгімелейді. Құрылымдалған ойын «Сыйлық» Шарты: балалар ермексиздан қуыршаққа арнап печенье</p>
--	--	---	---	---	---

	Алдағы уақытта ненің суретін салуды қалайсындар? Музыка Тақырыбы: «Елгезек болып өсеміз» Мақсаты: Өзара көмектеседі, бір-бірін сыйлауды біледі. Ырғақты сезініп дәл қайталайды. Ән тыңдау: «Не деу керек?» Ө.Байділдаев Ән айту: «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков Әуенді ырғақты-қимыл, ойын: «Балақан мен алақан» Е.Хасанғалиев	«Әтеш» саусақ ойыны Еркін ойын «Үйінді тап» Шарты: үстел үстіне бетперделер қойылады, бөлменің екі бұрышына ағаш және үй муляждары қойылады. Балалар бетперделер киіп өз үйлерін табу арқылы үй және дала құстарын топтастырады. Бағалау: «Бас бармақ» әдісі Рефлексия: сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта тағы қандай ойындар ойнағыларың келеді?			мүсіндейді. Мүсіндеу жолын түсіндіру, жеке жұмыс. Саусақ жаттығуы «Саусақтарым билеңдер» Еркін ойын «Туған күн дастарханы» Шарты: қуыршақтың туған күніне арнап мерекелік дастархан дайындайды. Бағалау жұлдызшалар арқылы Рефлексия: Сендерге ермексаздан мүсіндеу ұнады ма? Алдағы уақытта нені мүсіндегілерің келеді? Вариативтік компонент Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш пен диірмен» Мақсаты: Саусақ театры арқылы ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі кейіпкерлерінің мінез құлықтарын ажырата білуге үйрету
Серуенге дайындық	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруға,серуеннен соң қолдарын жууға үйрету.				
Серуен	Картотека №25	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруға,серуеннен соң қолдарын жууға үйрету.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс Әбдірасылмен отбасы туралы әңгімелесу Мақсаты:Балалар өз туысқандарының аты жөндерін біледі,атай алады.	Жеке баламен жұмыс Айлинге пішіндерді салыстыра білуге үйрету Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: Пішіндердің түстерін атайды сипау арқылы сипаттайды.	Жеке баламен жұмыс Саяжанға Күз мезгілі туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу.	Жеке баламен жұмыс Сайдаға сурет бойынша әңгіме құрастырту.	Жеке баламен жұмыс Әбдірасылға достарымен ойыншықты бірге ойнау керектігін түсіндіру. Достық қарым-қатынасқа үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

ТЕКСЕРІЛДІ

Мектеп директорының оқу жұмысы

жөніндегі орынбасары Кол — Калданова Б.С.

ЦИКЛОГРАММА
«ДИДАР» ТОБЫНЫҢ 4 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРЫ ҮШІН
4- апта (16-20 қараша, 2020ж)
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.11	Сейсенбі 17.11	Сәрсенбі 18.11	Бейсенбі 19.11	Жұма 20.11
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру.				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б.)	Ұлттық ойын №4 Ақшамшық(Сақина салу) Мақсаты: жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету	Үстел үсті ойыны «Пазлдар» Мақсаты: бөлшектерден бүтін құрастыруға үйрету.	Ұлттық ойын «Арқан тарту». Мақсаты: топ болып ойнауға үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	«Тез көрсет» ойыны Мақсаты: балалардың көкөністер туралы білімдерін арттыру, оларды суреттен тани білуге үйрету	Қимылды ойын №37 «Допты кәрзеңкеге түсір» Мақсаты: допты лақтыруды үйрету.
Танертеңгі гимнастика	Ертеңгілік жаттығулар кешені				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ПЖ\О: «Кім үйіне тез жетеді» Мақсаты: балаларды жылдамдыққа дағдыландыру.	ПЖ\О: «Дәрігер Айболит» ертегісімен танысу.	Қ\О: «Досың туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: балалардың өз ойларын еркіп жеткізуге үйрету	Е/О: «Мен қандаймын» Мақсаты: балаларға өзіне баға беруді үйрету.	ПЖ\О «Кім мықты» Мақсаты: балалардың шапшаңдығын арттыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің киімдерім Мақсаты: «Киім» деген жалпылауыш сөзді қолданады. Киімдердің бөлшектерін атап және ажырата біледі. Ресурстар: киімдер, аяқ киімдер және бас киімдер суреті, Әдіс-тәсілдері: Көркем сөз «Қолғап»	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шығыршықтар» Мақсаты: шығыршықтармен жаттығуларды орындап, қимыл – қозғалысты ойындарды ойнау барысында ойын шарттарын сақтайды. Ресурстар: шығыршықтар, кегельдер. Әдіс-тәсілдері:	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай қоңыздар» Мақсаты: таяқшамен жаттығулар орындап, төрттағандап еңбектей біледі. Ресурстар: таяқшалар, кегельдер, доптар, себет. Әдіс-тәсілдері: Сапқа тұрып зал ішімен жүру, жүгіру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Пішіндер» Мақсаты: геометриялық пішіндер дөңгелек, төртбұрыш және үшбұрышты танып, атай біледі. Ресурстар: әртүрлі пішінді заттар суреті, түрлі-түсті және түрлі көлемді пішіндер Әдіс-тәсілдер:	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жалаушалар мен ойнаймыз» Мақсаты: жалаушалармен дене жаттығуларын орындап, қимыл-қозғалыс ойындарының шартын сақтай біледі. Ресурстар: жалаушалар, пирамида сақиналары, аю бетпердесі Әдіс-тәсілдері: Бір қатарда сапқа тұрғызу,

<p>Педагог жетекшілігімен ойын «Шкафта не жасырылған?» Шарты: шкафты ашып киімдерді атау. Құрылымдалған ойын «Көршіңе әңгімеле» Шарты: балалар киімдер суретін таңдап, ол туралы көршілеріне әңгімелейді. Еркін ойын «Топтастыр» Шарты: балалар топтарға бөлініп аяқ киім, бас киім және киімдер суретін топтастырады. Бағалау «Үш шапалақ» әдісі Рефлексия: Сендерге қандай ойын ұнады? Ол ойын неліктен ұнады?</p> <p style="text-align: center;">Сурет салу Тақырыбы:«Алғашқы қар» Мақсаты:түрлі бағытта түзу сызықтар жүргізіп, оларды қиылыстыру арқылы жауып тұрған қардың суретін салады. Ресурстар: қылқалам , бояулар, су,фломастерлер, қар суреттері, қағаз қарлар мен қалақтар. Әдіс-тәсілдері: «<i>Миға шабуыл</i>» әдісі Жұмбақ шешу: Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады.</p>	<p>«Сәлем» саусақ ойыны ЖДЖ-лары шығыршықтармен Педагог жетекшілігімен ойын «Шығыршықтан өту» Шарты; қатарластырып қойылған шығыршықтар ішнен кезектесіп өтеді. Құрылымдалған ойын «Ирелеңделген соқпақ жол» Шарты: Жұпқа бөлініп кегельдер арасымен шығыршықтарды домалатып өтеді. Тыныс алу жаттығуы Еркін ойын «Пойыз» Шарты: залда саппен жүріп, аялдамада жаттығулар орындайды. Бағалау «Қол сигналы» әдісі Рефлексия: Сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта тағы қандай ойындар ойнағыларың келеді?</p> <p style="text-align: center;">Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы:«Біз әртістерміз» Мақсаты:түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алып, «Бауырсақ» ертегісін сахналайды. Ресурстар]:ертегіден үзінді суреттер, қуыршақ театры кейіпкерлері,ертегі жазылған ұнтаспа,жабайы жануарлар суреті мен қоректиері Әдіс – тәсілдері: Жылулық шеңбері «Менің көмекшілерім»</p>	<p>ЖДЖ-лары таяқшалармен. Педагог жетекшілігімен ойын «Сылдырмаққа дейін еңбекте» Шарты:деңгейлеріне сай аралас топтарға бөлініп сылдырмаққа дейін еңбектейді Құрылымдалған ойын «Кім жылдам?» Шарты: балалар басымен допты итеріп еңбектеп жарысады(жұппен) Тыныс алу жаттығуы Еркін ойын «Доп себетте» Шарты: бөлме ішінде шашылған доптарды себетке салады. Бағалау «Қол сигналы » Әдісі Рефлексия : сендерге қай ойын ұнады? Неліктен ол ойын ұнады?</p> <p style="text-align: center;">Құрастыру</p> <p>Тақырыбы:«Тышқандар» Мақсаты: қалдық материалдарды қолданып тышқандар құрастыра біледі. Ресурстар: жаңғақ қабықтары, ермексаз, Әдіс-тәсілдер: Педагог жетекшілігімен ойын «Не білеміз?» «Идеялар себеті» әдісі Шарты: балалар суреттер арасынан тақырыпқа сай біреуін таңдап , не білетінін айтады. Мысалы: тышқан мысықтан қорқады</p>	<p>«<i>Миға шабуыл</i>» әдісі Жұмбақ шешу: 1.Үш бұрышы, үш қабырғасы бар, бұл қандай пішін? 2. Бұл орамның пішіні, Бауырсақтың да мүсіні. Кішірейтсек біз оны, Шығады тоқаш наны боп. ПЖО «Үйін тап» Шарты: үстел үстіне пішіндер жабыстырылған қораптар қойылады, үстел үстіне әртүрлі пішіндер тасталады. Балалар пішіндерді топтастыруы керек. Қ/О «Кім жылдам?» Шарты: таңдаған пішінгесай топтарға бөліну, 1-топ үшбұрыш, 2-топ төртбұрыш, 3-топ дөңгелек пішінді заттар суретін жинайды. Е/О «Суретгі құрастыр» Шарты: үстел үстінде үлгі суреттер мен пішіндер қойылады, балалар пішіндерді пайдаланып сурет құрастырады. Бағалау: «<i>Қол сигналы</i>» әдісі Рефлексия: Сендерге қандай ойын ұнады?Неліктен?</p>	<p>өлең мазмұнына сай қимылдар жасау. Педагог жетекшілігімен ойын «Біз білетін жаттығулар» Шарты: ЖДЖ-ларын орындау жалаушалармен. Құрылымдалған ойын «Түрлі-түсті машиналар» Шарты: балалардың қолына пирамида сақиналары беріледі, бұл – машина рулі, «машиналар» шығыршық-гараждарда тұрады. Педагог көтерген жалауша түсіне сай машиналар ортаға шығып , алаңды айналып жүреді, бір мезгілде 2-3 түсті машиналар шығуға болады. Тыныс алу жаттығуы «Ақ ұлпа қар» Еркін ойын «Қарағайлы ормандағы аю» Шарты: санамақ саналып аю белгіленеді, «аю» орманда ұйықтап жатады, балалар: Аю жүрген орманға , Серуендеуге мен барғам. Аю отыр гүрілдеп, Жарамайды мұның деп-, Деп өлеңдетіп орманға жақындайды. Өлең біткенде аю баллаарды қуады. Ұсталынған бала аю болады. Бағалау смайликтер арқылы Рефлексия: Сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта қандай</p>
--	---	--	---	---

	<p>(қар) Педагог жетекшілігімен ойын «Не білеміз?» Шарты: балалар қар суреттерін қарайды, сипаттайды, оны бейнелеу жолдарымен танысады. Тыныс алу жаттығуы «Қолдарымызды жылытамыз» Құрылымдалған ойын «Қар суреті» Шарты: балалар фломастерлер мен қылқаламды таңдау арқылы топтарға бөлінеді. 1-топ қылқалам, 2-топ фломастермен қар суретін салады. Сергіту сәті: Аппақ қылып өңірді, Қар жауды, қар жауды. Көңілді балалар, Қуанып секірді, секірді. Еркін ойын «Қар жинау» Шарты: балалар еденге шашылған қағаз қарларды қалақтармен жинайды. Бағалау «Үш шапалақ» әдісі Рефлексия: сендерге қандай ойын ұнады? Ол ойын неліктен ұнады?</p> <p style="text-align: center;">Музыка Тақырыбы: «Болайықшы осындай»</p>	<p>«Бауырсақ» ертегісін тыңдау Педагог жетекшілігімен ойын «Алдымен не, соңынан не?» Балалар мазмұнына сай ертегі кейіпкерлерін магнитті тақтадағы пойызға орналастырады. Құрылымдалған ойын «Ертегілер елінде» суреттерді тандап, ертегіні сахналайды. Сергіту сәті «Жүрісін сал» Еркін ойын «Жануарларды қоректендір» Бағалау: смайликтер арқылы Рефлексия: балалар, ертегімен ойын сендерге ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ертегіні тыңдағыларың келеді? (бала үні)</p>	<p>(мысық суреті), тышқан жем жейді (бидай суреті) т.с.с. Құрылымдылған ойын «Сүйкімді тышқандар» Шарты: балалар қалдық материалдардан тышқан құрастырады. Құрастыру жолын түсіндіру, жеке жұмыс. Еркін ойын «Тышқан аулау» Шарты: балалар карточкалар таңдау арқылы тышқандар және тышқан аулаушыларға бөлінеді. Тышқан аулаушылар шеңбер құрып тұрады және әңдетеді: Тышқандар неткен жемірді, Бәрін-бәрін кемірді. Тоқтай тұрыңдар, тышқандар, Біз сендерді аулаймыз. Өлең басында тышқандар шеңберге кіреді, аяқталғанда қашады, аулаушылар ауды жауып қалуға (отырып) талпынады, ұсталған тышқандар шеңбер құрушылар қатарына қосылады. Бағалау «Галереяға саяхат» әдісі Рефлексия: сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта нені құрастырғыларың келеді?</p> <p style="text-align: center;">Вариативтік компонент</p>	<p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Алтын күзде молшылық» Мақсаты: Күзгі өнімдердің дәрумендік пайдасы туралы әңгімелейді. Әуенге сай кимылдар жасайды. Ән тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Ән айту: «Болайықшы осындай» А.Меңжанова</p>	<p>ойындар ойнағыларың келеді?</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Жабайы жануарлар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Жабайы жануарлардың жыл мезгіліне байланысты тіршілік ету қалпын түсінеді. Ресурстар: жабайы жануарлар суреттері, бетперделері, қоректері, мақта, түрлі түсті қағаздар, Әдіс- тәсілдері: «Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу: Санай алмай шаршадым, Найзасы бар қанша мың. Батыр емес бірақта, Қашып жүрер жырақта. (Кірпі) Бұтақтарға секіріп, Әр жерден қылт етеді. Кейде жаңғақ кеміріп, Жоғары өрлеп кетеді. (Тиін) Қалқиып ұзын құлағы, Елендеп қорқып тұрады. (қоян) Педагог жетекшілігімен ойын «Суреттер визиткасы» «Мен саған, сен маған» әдісі Шарты: бір-біріне қарама-қарсы тұрады, бірінші бала суретті атамай, сипаттайды, екінші бала тауып</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>Мақсаты: Жақсы әдеттерді өз-өзіне сенімді әңгімелейді. Әуенге сай қимылдар жасайды.</p> <p>Ән айту: «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков</p> <p>Әуенді ырғақты-қимыл ойын:</p>		<p>Тақырыбы: «Жол белгілері»</p> <p>Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс</p> <p>Мақсаты: Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету</p>		<p>атайды.</p> <p>Құрылымдалған ойын</p> <p>«Аю мен қоян»</p> <p>Шарты: балалар аю мен қоян суретін таңдау арқылы топтарға бөлінеді. Қоян суретін таңдағандар «Неліктен қоянның түсі қыста ақ?» тақырыбына тәжірибе жасайды.</p> <p>Аю суретін таңдағандар «Ұйқыдағы аю» тақырыбына тәжірибе жасайды. «Елші» әдісі арқылы топтар ақпаратпен алмасады.</p> <p>Сергіту сәті: «Ормандағы аңдар» Қорбаң-қорбаң Қорбаңбай, Аю жүрер қорбаңдай. Қорқақ қоян, ақ қоян, Ытқып, ытқып секірді. Көкжал қасқыр ұлиды, У-У-У. Ауыл маңын ториды, Р-Р-Р.</p> <p>Еркін ойын «Кім жылдам?»</p> <p>Шарты: үстел үстіне бетперделер мен себет қойылады. Еденге жануарлар қоректері тасталады. Балалар бетперделерді таңдау арқылы топтарға бөлінеді, қоректерін жинайды.</p> <p>Бағалау жүрекшелер арқылы</p> <p>Рефлексия: Сендерге ойындар ұнады ма? Біз қандай жануарлар туралы білдік?</p>
--	---	--	--	--	--

					<p>Жапсыру Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған дәрумендер» Мақсаты: қайшыны дұрыс ұстап, текшеден дөңгелек пішін қияды, желімді, сүлгіні қолдана біледі.</p> <p>Ресурстар: жабайы жануарлар суреттері, бетперделері, коректері, мақта, түрлі түсті қағаздар,</p> <p>Әдіс- тәсілдері: «Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу: Санай алмай шаршадым, Найзасы бар қанша мың. Батыр емес бірақта, Қашып жүрер жырақта. (Кірпі) Бұтақтарға секіріп, Әр жерден қылт етеді. Кейде жаңғақ кеміріп, Жоғары өрлеп кетеді. (Тиін) Қалқиып ұзын құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян)</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын «Суреттер визиткасы» «Мен саған, сен маған» әдісі Шарты: бір-біріне қарама-қарсы тұрады, бірінші бала суретті атамай, сипаттайды, екінші бала тауып атайды.</p> <p>Құрылымдалған ойын «Аю мен қоян» Шарты: балалар аю мен</p>
--	--	--	--	--	--

				<p>қоян суретін таңдау арқылы топтарға бөлінеді. Қоян суретін таңдағандар «Неліктен қоянның түсі қыста ақ?» тақырыбына тәжірибе жасайды.</p> <p>Аю суретін таңдағандар «Ұйқыдағы аю» тақырыбына тәжірибе жасайды. «Елші» әдісі арқылы топтар ақпаратпен алмасады.</p> <p>Сергіту сәті: «Ормандағы аңдар» Қорбаң-қорбаң Қорбаңбай, Аю жүрер қорбаңдай. Қорқақ қоян, ақ қоян, Ытқып, ытқып секірді. Көкжал қасқыр ұлиды, У-У-У. Ауыл маңын ториды, Р-Р-Р. Еркін ойын «Кім жылдам?»</p> <p>Шарты: үстел үстіне бетперделер мен себет қойылады. Еденге жануарлар қоректері тасталады. Балалар бетперделерді таңдау арқылы топтарға бөлінеді, қоректерін жинайды.</p> <p>Бағалау жүрекшелер арқылы</p> <p>Рефлексия: Сендерге ойындар ұнады ма? Біз қандай жануарлар туралы білдік?</p> <p>Вариативтік компонент Тақырыбы: «Алма»</p>
--	--	--	--	---

					Мақсаты: Балаларды ұсынылған рөлдерді ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерді көрсетуге баулу
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау				
Серуен	Картотека №5	Картотека №6	Картотека №7	Картотека №8	Картотека №9
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	ПЖО «Көрінбейтін ауа» Тәжірибе «Біздің ішіміздегі ауа» Шарты: баллаар стакандағы суға үрлеп көпіршіктер шығарады, ауа біздің ішімізде, ол ауамен біз мұрнымызбен демалып ауызымыздан шығардық деген қорытындыға келеді Қ/О «Ауа қайда тығылды?» Шарты: шарлар ішіндегі ауаны шығарады, целлофан қалтаға ауа толтыру арқылы ауаның түссіз екенін анықтайды.	«Бағдаршам» ойыны Мақсаты: бағдаршамның түстері, қажеттілігі туралы түсінік беру. Бояма кітапшалармен жұмыс.	«Қарағайлы ормандағы аю» ойыны. Мақсаты: Балалардың сөйлеу белсенділігін, өлең сөзімен өз қимылын сәйкестендіре білу икемділігін дамыту, р дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру.	Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. Бояма кітапшалармен жұмыс.	Қ/О «Концерт» Шарты: балалар карточкалар таңдау арқылы көрермендер мен тақпақ айтушыларға бөлінеді . Көрермендер орындықтарда отырып тыңдайды, қол соғады, гүл сыйлайды.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

ТЕКСЕРІЛДІ

Мектеп директорының оқу жұмысы

жөніндегі орынбасары  Калданова Б.С.

ЦИКЛОГРАММА
«ДИДАР» ТОБЫНЫҢ 4 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРЫ ҮШІН
1- апта (23-27 қараша, 2020ж)
Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.11	Сейсенбі 24.11	Сәрсенбі 25.11	Бейсенбі 26.11	Жұма 27.11
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру.				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б.)	Құрлымдалған ойын: «Не қайда өседі» Мақсаты: Балалар өсімдіктерді топтастыру арқылы қайда өсетінін біледі. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Тәрілкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты: Түстерді айыра біледі. Ыдыстарды бәр-бәрәне сәйкес топтастыра алады. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерді атауларын атай алады. (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін түсінеді. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Жануарларды өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсініп, ажырата алады. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Табиғат құбылыстарын ажырат» Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды т.б ажырата алады. 4К моделі, бала үні.
Танертеңгі гимнастика	Ертеңгілік жаттығулар кешені				
